

Радиожилік спектрін пайдалану құқығына конкурс-аукцион өткізу жөнінде комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 11 желтоқсан N 1523. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.01.13. N 9 қаулысымен. ~P980009.

"Қазақстан Республикасының радиожилік жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 қазандағы N 1266 P961266_ қаулысына және "Қазақстан Республикасында почта байланыстары мен телекоммуникациялар саласындағы

кәсіпкерлік қызметті лицензиялау, радиожилік спектрін пайдалану туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 қарашадағы N 1443

P961443_

қаулысына сәйкес,

аукцион-конкурс өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында радиожилік спектрін пайдалану құқығына арналған аукцион-конкурс өткізу жөніндегі комиссия мынадай құрамда құрылсын:

Тасмағамбетов И.Н. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға

Сәрсенбаев А.С. - Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің төрағасы, төрағаның орынбасары /келісім бойынша/

Шаймұқанов С.Д. - Көлік және коммуникациялар министрлігі Байланыс департамен. тінің директоры, төрағаның орынбасары

Бахмудов Е.Л. - Қаржы министрлігі Әлеуметтік салалар департаментінің директоры

<*>

Комиссия мүшелері:

- Бұзыбаев Т.Ы. - Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштері Бас штабы бастығының
орынбасары
- Бүркітбаев С.М. - "Қазақтелеком" ҰАК-нің президенті
- Вайсов М.К. - Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің орынбасары
- Қожыров Б.Қ. - Қазақ ғылыми-жобалау байланыс
институтының директоры
- Құрманғалиев С.Ш. - Қазақстан Республикасының Баға
және монополияға қарсы саясат
жөніндегі комитеті төрағасының
бірінші орынбасары
- Мұхаметжанов Б.Ғ. - Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлері
конгресінің вице-президенті

<*>

- Мажренов Ж.Р. - Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитеті басқармасының
бастығы /келісім бойынша/

<*>

- Шоқпытов А.М. - Қазақстан Республикасының Мемлекет.
тік мүлікті басқару жөніндегі
мемлекеттік комитеті төрағасының
бірінші орынбасары

ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.02.26.

N 272 қаулысымен.

P970272_

- ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.04.28. N 677
қаулысымен.

P970677_

ЕСКЕРТУ. Комиссия құрамына өзгерту енгізілді - ҚРҰ-нің
1997.07.02. N 1046 қаулысымен.

P971046_

2. Конкурс комиссиясы:

1996 жылғы 11 желтоқсаннан бастап Алматы қаласында теле-радио арналарын пайдалануға арналған аукцион-конкурс жарияласын;

бір айлық мерзімде аймақтар бойынша теле-радио арналарына арналған аукцион-конкурстар өткізудің жоспарын әзірлесін және бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі